ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: Жүсіп Аружан Қыдырәліқызы

Таңдау пәні: Бейнелеу

Сынып: 3 «В»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Түсінік хат

- **Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-қосымшаБастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

«Бейнелеу өнері» пәні ҚРБҒМ 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрығымен бекітілген (30- қосымша) «Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

«Бейнелеу өнері» пәнінің оқу бағдарламасына сай оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өздеріне сенімді, жауапкершілігі мол және жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ету қағидалары басшылыққа алынған. Пән мұғалімдеріне әртүрлі стратегияларды қолдана отырып, оқушылардың бойында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру міндеті жүктелген:

- мұқият таңдалып алынған тапсырмалар мен іс-әрекеттер арқылы ынталандыра және дамыта оқыту;
- оқушыларға түсінікті материалдар негізінде мәселелерді шешу стартегиясын жүзеге асыру;
- шынайы бағалау арқылы оқушылардың білім алуын ынталандыру;
- оқытудың зерттеу әдісіне негізделген белсенді түрін жандандыру;
- оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамыту;
- оқушылардың пікіріне құлақ аса білу және олардың дамуы үшін бұрынғы білетіндерін пайдалана білудің

маңыздылығын түсіндіру. Әдістемелік нұсқау сабақтың барлық кезеңін есепке ала отырып, қамтамасыз етеді және төмендегі критерийлерді қамтиды:

- ✓ Өткізілетін сабақтың мақсаттарын талқылау үшін немесе мәселені жою және алдын ала талқылау үшін тапсырмалар мен сұрақтар;
- ✓ Оқушылар жеке, жұптық, топтық тәжірибе жүргізу жұмыстарын орындау ұсыныстары бойынша;
- ✓ Нақты бекітілген тақырыптар бойынша тапсырмалар;
- ✓ Алған білімдерін талдау мақсатына арналған тапсырмалар;
- ✓ Өзін-өзі тексеруге немесе өзара тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

Әдістемелік нұсқаудың мазмұны оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, материалдар ұсынылды, эстетикалық және көркемдік білім беру дәйекті және жүйелі түрде білімді ұсыну мен көркемдік іс-әрекет дағдыларын үйретуге негізделген.

«Бейнелеу өнері» пәнінің нысаны – көркемдік білім беру аумағындағы білім алушы және мектеп және білім алушыларды Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде бейнелеу өнері әлеміне тарту, олардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың *міндеттері:*

- практикалық тәжірибені байыту, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан халқының мәдениеті мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеу;
- бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен әсемдік сезімін тәрбиелеу;
- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге өзінің көзқарасын білдіру, қабілетін дамыту;
- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін арқылы бейнелеу сауаты негіздерімен танысу.
-

- Бейнелеу өнері. 3-сынып.

Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктеме 34 сағат

«Алматыкітап» баспасы, 2024 жыл.

М.Б. Жанаев, Ұ.М. Сүлеев, А.Е. Хабамбаев

№	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
			1 тоқсан			
1.	1. Табиғат – менің үйім	**Өнер туындыларын қабылдау.**	3.1.1.1 Қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің, әртүрлі өнер туындыларының ерекшеліктерін анықтау. *Ұлттық және әлемдік өнер туындыларының ерекшеліктерін анықтайсың.*	1	03.09.26	
2.		**Табиғаттағы сызықтар**	3.1.2.1 күрделі тәсілдерді мен техникаларды қолдана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану. Сызық түрлерін қолдану арқылы, графикалық материалдар мен құралдарды пайдаланасың.	1	10.09.26	
3.		**Менің қиялымдағы табиғат**	3.1.2.2 шығармашылық жұмыста графиканың күрделі тәсілдері мен техникасын қолдану. *Сызық түрлерін қолдану арқылы монотипия тәсілімен күздің суретін салуды үйренесің.*	1	17.09.26	
4.		**Ғажайып түстер Жыл мезгілдері**	3.1.3.1 кескіндеме материалдары мен құралдарын пайдаланып, күрделі тәсілдер мен техникаларды қолдану. *Негізгі түстер мен түс реңктері туралы білесің* 3.1.3.2 кескіндеменің күрделі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста қолдану. *Жылы және суық түстер туралы білесің. Төрт мезгілді бейнелеу. Гуашь*	1	24.09.26	
5.		**Бәйтерек**	3.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану. *Ермексазбен бедерлі мүсіндеуді үйренесің..*	1	01.10.26	
6.	2. Менің Отаным – Қазақстан	**Қазақ елі**	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану. Отандық қолөнер түрлері. *Әртүрлі материалдер (қағаз, тері, табиғи материал). коллаж жасап үйренесің.*	1	08.10.26	
7.		**Шығармашылық жұмыс**	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану. Отандық қолөнер түрлері. *Әртүрлі материалдер (қағаз, тері, табиғи материал). коллаж*	1	15.10.26	

			жасап үйренесің.			
8.		**Киіз үйдің дизайны**	3.1.6.1 күрделі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану. 31.6.2 Модельдеудің күрделі техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды пайдалану. *Модельдеу тәсілдерін қолдана отырып, киіз үйдің дизайнын жасайсың.*	1	22.10.26	
2 тоқсан						
9.	**3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.**	**Өнер туындыларын қабылдау. Көркемдеу тәсілі**	3.2.1.1 көркем экспрессивтіліктің қолданылатын құралдарын және жұмыстарды орындау техникасын айқындау. *Жұмысты орындауда және көркемдеуде қолданылатын құралдарды анықтайсың*	1		
10.		**Кейіпкерлер**	3.2.2.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлігінде қолданылатын құралдарын және графикалық жұмысты орындау техникасын білу және салыстыру. *Бейнелеу өнеріндегі кейіпкер туралы білесің.*	1		
11.		**Портрет**	3.2.3.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлігінде қолданылатын құралдарын және кескіндемелік жұмысты орындау техникасын білу және салыстыру. *Портрет салуды үйренесің.*	1		
12.		**Жағымды және жағымсыз кейіпкер**	3.2.4.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлігінде қолданылатын құралдарын және жұмысты орындауда мүсіндеу техникасын білу және салыстыру. *Ермексаздан жануарлар мүсінін жасауды үйренесің.*	1		
13.	**4. Өнер әлемінде**	**Ою-өрнек әлемі**	3.2.5.1 Өнер жанрларының көркемдік мәнерлігінде қолданылатын құралдарын және жұмысты орындауда сәндік-қолданбалы өнер техникасын білу және салыстыру. *Ою-өрнек композициясын салуды үйренесің.*	1		
14.		**Қазақ кілемдері** **Қазақтың ұлттық киімдері**	3.2.5.2 Күрделі деңгейде "Сәндік-қолданбалы өнердегі табиғи пішіндер" ұғымы мен жұмыстың орындалу техникасын білу және түсіндіру. *Кілем композициясын салуды үйренесің* 3.2.6.1 құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу. *Ұлттық киімді үлгілеуді үйренесің.*	1		
15.		**Шығармашылық жұмыс**	3.2.5.2 Күрделі деңгейде "Сәндік-қолданбалы өнердегі табиғи пішіндер" ұғымы мен жұмыстың орындалу	1		

			техникасын білу және түсіндіру. *Кілем композициясын салуды үйренесің* 3.2.6.1 құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу. *Ұлттық киімді үлгілеуді үйренесің.*			
16.		**Айша бибі кесенесі**	3.2.6.2 құрылымдау мен модельдеуде қарапайым сәулет формалары мен техникасын білу. *Ғимаратты модельдеуді үйренесің.*	**1**		
			3 тоқсан			
17.	**5. Атадан қалған асыл мұра**	**Тарихи мұра**	3.3.2.1 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Тастың бетіне сурет салуды үйренесің.*	**1**		
18.		**Төрт түлік**	3.3.2.2 "Есте сақтау арқылы сурет салу" және "Бақылау арқылы сурет салу" ұғымдарын білу, бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Үй жануарының суретін салуды үйренесің.*	**1**		
19.		**Ұлттық дастарқан**	3.3.3.1 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Натюрморт жанрында сурет салуды үйренесің*	**1**		
20.		**Туған жер**	3.3.3.2 Есте сақтау арқылы сурет салу" және "Бақылау арқылы сурет салу" ұғымдарын білу, бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Пейзаж жанрында сурет салуды үйренесің.*	**1**		
21.		**. Балбалтас**	3.3.4.1 бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде қоршаған әлемнің ерекшеліктерін білу және сипаттау. Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру *Ермексаздан жұмыр мүсін сомдауды үйренесің.*	**1**		
22.		**Апорт алмасы**	3.3.4.1 бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде қоршаған	**1**		

			әлемнің ерекшеліктерін білу және сипаттау. Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Ермексаздан алманы мүсіндеуді үйренесің.*			
23.	**6. Атақты тұлғалар**	**Зергерлік бұйымдар** **Атақты зергерлер**	3.3.5.1 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Зергерлік бұйымның нобайын салуды үйренесің* 3.3.5.2 "Стильдеу" және "жалпылау" ұғымдарын және оларды бейнелер мен пішіндер көмегімен сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру мүмкіндіктерін білу және түсіндіру. *Зергерлік бұйымды сымнан жасауды үйренесің.*	**1**		
24.		**Ғарышкер ұшқан зымыран**	3.3.6.1 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Динамика, статика, ритм дегеннің не екенін үйренесің.*	**1**		
25.		**Шығармашылық жұмыс**	3.3.6.1 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Динамика, статика, ритм дегеннің не екенін үйренесің.*	**1**		
26.		**Қазақ сәулетшілері және заманауи сәулет өнері**	3.3.6.2 Бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. *Заманауи сәулет өнері үлгілерімен танысасың*	**1**		
4 тоқсан						
27.	**7.Бәрін білгім келеді**	**«Қуаныш» тақырыбында линогравюра орындау**	3.4.2.1 Графика әдістері мен техникалары негізінде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Гравюра мен линогравюраның не екенін білесің*	**1**		
28.		**Кітап графикасы. Алдаркөсе**	3.4.2.2 Графикалық жұмысты күрделі тәсілмен таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу және түсіндіру. *Кітап графикасының не екенін білесің*	**1**		

		Жайлауда	3.4.3.1 Кескіндеме әдістері мен техникаларды негізді түрде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Лессировкалау тәсілімен композициялық шығарманы орындауды үйренесің*	**1**		
30.		**Наурыз мерекесі**	3.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты күрделі тәсілмен таныстырудың түрлі мүмкіндіктерін білу және түсіндіру. *Кескіндемені сграффито (немесе граффито) тәсілімен орындауды үйренесің.*	**1**		
31.	**8.Демалыс мәдениеті, мерекелер**	**Отбасылық мерекелер Саябақтағы гүлдер**	3.4.4.1 Мүсіндік тәсілдері мен техникаларды негізді түрде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Жұмыр мүсінді орындап үйренесің* . 3.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер тәсілдері мен техникаларды негізді түрде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Панно тәсілінде орындауды үйренесің.*	**1**		
32.		**Шығармашылық жұмыс**	3.4.4.1 Мүсіндік тәсілдері мен техникаларды негізді түрде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Жұмыр мүсінді орындап үйренесің* . 3.4.5.1 Сәндік-қолданбалы өнер тәсілдері мен техникаларды негізді түрде таңдау арқылы идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру. *Панно тәсілінде орындауды үйренесің.*	**1**		
33.		**Сандық жасау**	3.4.6.1 Құрылымдау мен модельдеудің тәсілдері мен техникасын негізді түрде таңдай отырып, дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, сезімдерін білдіру. *Сандық жасаудың дизайнын үйренесің.*	**1**		
34.		**«Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы**	3.4.6.2 Құрылымдау мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін негізді түрде таңдай отырып, сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, сезімдерін білдіру. *Сәулет өнерінің экстерьерін салуды үйренесің*	**1**		

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Бейнелеу өнері	
Бөлім:	*«Менің Отаным – Қазақстан»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	01.10.2026ж	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***5-сабақ: «Бәйтерек»***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.4.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын пайдалану.	
Сабақтың мақсаты	• мүсін өнерінің ерекшелігін және мүсін жасауға қолданылатын материалдарды анықтайды; • монументтік және қондырғылы/шағын пішінді мүсінді ажыратады; • барельеф, горельеф, контррельеф ұғымдарымен танысып, бедерлі мүсіннің ерекшелігін анықтайды; • ермексазды созу, есу, жалпақтау, біріктіру және бедерлеу тәсілдерін қолданады; • оқулықтағы үлгіге сүйеніп, Бәйтеректің бедерлі мүсінін орындайды; • мүсіндеу құралдарын қауіпсіз және ұқыпты пайдаланады.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, ел тарихы мен сәулет нысандарына құрмет, шығармашылық, еңбекқорлық, ұқыптылық және жауапкершілік. Қазақстанның көрнекті нысандарына қызығушылық танытуға, туған елінің мәдени және сәулеттік мұрасын бағалауға, шығармашылық жұмысты жауапкершілікпен орындауға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	Әр оқушыға «10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағы таратылады. Әр бағаланатын тапсырмадан кейін мұғалім дескриптор бойынша балын айтады, оқушы парағына белгілейді. **«Мүсінді таны»** әдісі. «Мүсін дегеніміз не? Оны қандай материалдардан жасауға болады?» деп сұрайды. Қазақстан аумағында мүсін өнерінің ескерткіштері ерте заманнан кездесетінін түсіндіреді.	«10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағымен танысады. Мүсін туралы алдыңғы білімін еске түсіреді. Ермексаз, сазбалшық, тас, ағаш, металл сияқты материалдарды атайды. **Дескриптор:** мүсін жасауға қолданылатын кемінде үш материалды дұрыс атайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Мүсінді таны».** **Саралау – диалог:** материалдардың суреттері ұсынылады.	Оқулық, 20-бет; бағалау парағы
Сабақтың ортасы	Оқулықтағы мүсін жіктелуін көрсетеді. Мазмұны бойынша	Суреттерді бақылайды. Монументтік және шағын пішінді мүсінді салыстырады.	**ҚБ: «Үлкен бе, шағын ба?».**	Оқулық, 20-бет

Scanned with CamScanner

Түсіну (6 мин)	**монументтік** және **қондырғылы немесе шағын пішінді** мүсіндерді салыстырады. «Олардың көлемі мен қолданылуында қандай айырмашылық бар?» деп сұрайды.	**Дескриптор:** екі мүсін түрін дұрыс ажыратып, бір айырмашылығын атайды – **1 балл**.	**Саралау – визуалды қолдау бойынша.**	
	«Бедердің үш түрі». Барельеф, горельеф және контррельеф үлгілерін көрсетеді. Бедердің жазық бетпен байланысына назар аудартады. «Бәйтеректі бүгін қандай тәсілмен орындаймыз?» деп практикалық жұмысқа байланыстырады.	Үш бедер үлгісін бақылайды, айырмашылықтарын салыстырады. **Дескриптор:** бедерлі мүсін түрлерін сурет бойынша ажыратады – **2 балл**.	**ҚБ: «Бедерді тап».** **Саралау – ресурс бойынша:** атаулар мен суреттерді сәйкестендіреді.	Оқулық, 20-бет
Қолдану (8 мин)	**«ЖИ мүсінші шатастырды!»** ЖИ атынан: «Бәйтеректің бедерлі мүсінін жасау үшін ермексазды қағаз сияқты қайшымен қиып, бөлшектерді тік тұрғызу керек» деген кеңес береді. «Қай жері дұрыс емес?» деп сұрайды.	Ермексаздың қасиетіне сүйеніп, оны илеу, есу, созу, жалпақтау және жапсыру арқылы пішіндеу керектігін айтады. **Дескриптор:** мүсіндеу техникасына қатысты қатені анықтап, дұрыс тәсілді ұсынады – **1 балл**.	**ҚБ: «ЖИ-ге мүсінші кеңесі».** **Саралау – нәтиже бойынша.**	ChatGPT
Талдау (10 мин)	Оқулықтың 21-бетіндегі Бәйтерек жасау үлгісін қаратады. Қажетті құралдарды анықтатады: **көк түсті қатырғықағаз, ермексаз, арнайы тақтайша, стектер, ілмектер**. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді.	Үлгідегі жұмыс кезеңдерін бақылайды. Құралдарын дайындайды. Жұмыс ретін анықтайды. **Дескриптор:** қажетті материалдар мен құралдарды дұрыс таңдап, жұмыс ретін анықтайды – **1 балл**.	**ҚБ: «Мүсіншінің жоспары».**	Оқулық, 21-бет; материалдар
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	**Практикалық жұмыс «Бәйтеректің бедерлі мүсіні».** Оқулықтағы үлгіні басшылыққа алады: **1)** көк қатырғықағазды негіз ретінде дайындау; **2)** сары ермексаздан жоғарғы шар тәрізді бөлігін жасау; **3)** ақ/ашық түсті ермексазды жіңішке есу арқылы Бәйтеректің тірек сызықтарын қалыптастыру;	Ермексазды жұмсартады, илейді, еседі, созады және жалпақтайды. Бәйтеректің жоғарғы және тірек бөліктерін жасайды. Бөлшектерін қатырғықағазға біріктіріп, бедерлі композиция құрастырады. **Дескриптор:** ермексазды өңдеудің бірнеше күрделі тәсілін дұрыс қолданады – **1 балл**; Бәйтеректің негізгі құрылымы	**ҚБ: «Мүсіншінің үш қадамы».** **Саралау – тапсырма бойынша:** негізгі Бәйтерек пішінінен қосымша орта элементтері бар композицияға	Оқулық, 21-бет; көк қатырғықағаз, ермексаз, тақтайша, стек, ілмек

Scanned with CamScanner

	4) бөлшектерді негізге жапсырып, құрылымын жасау; **5)** төменгі бөлігін толықтыру; **6)** айналасын ағаш, бұлт тәрізді қосымша бейнелермен толықтыру; **7)** стекпен ұсақ бөлшектерін өңдеу.	мен пішінін сақтап құрастырады – **1 балл**; бөлшектерді берік, ұқыпты біріктіріп, композицияны аяқтайды – **1 балл.** **Барлығы – 3 балл.**	дейін.	
Сабақтың соңы (5 мин) **Бағалау**	**«Бәйтерек галереясын»** ұйымдастырады. «Қандай мүсіндеу тәсілдерін қолдандың? Жұмысың неге бедерлі мүсінге жатады?» деп сұрайды.	Жұмысын таныстырады. Қолданған тәсілдерін және бедердің ерекшелігін түсіндіреді. **Дескриптор:** қолданған мүсіндеу тәсілін дұрыс атайды – **0,5 балл**; жұмысының бедерлі мүсін екенін түсіндіреді – **0,5 балл.** **Барлығы – 1 балл.**	**ҚБ: «Бәйтерек галереясы».**	Дайын жұмыстар
	Балдарды есептетеді.	Бағалау парағындағы балдарын қосып, __/10 нәтижесін шығарады.	**ҚБ: «10 балдық шығармашылық қоржын».** Қосымша балл жоқ.	Бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	Үйден бетінде бедерлі бейнесі бар бір затты табу (тиын, медаль, сәндік бұйым немесе ыдыс). Оны мұқият бақылап, дәптерге суретін салу және бедерінің көтеріңкі немесе ойық екенін анықтау.	Үйдегі бедерлі бейнесі бар затты тауып, оның пішіні мен бетін зерттейді. Заттың суретін салып, бедерінің көтеріңкі немесе ойық екенін анықтайды. Оны сабақта жасаған «Бәйтерек» бедерлі мүсінімен салыстырады.		

Сабақтағы 10 балдың бөлінуі

Тапсырма	**Балл**
«Мүсінді таны»	1
«Үлкен бе, шағын ба?»	1
«Бедерді тап»	2
«ЖИ-ге мүсінші кеңесі»	1
«Мүсіншінің жоспары»	1
«Мүсіншінің үш қадамы»	3
«Бәйтерек галереясы»	1
Барлығы	**10**

ҚБ әдістерін қолдану бойынша түсіндірме

«Мүсінді таны» – оқушы мүсін жасауға болатын материалдарды атайды. Мұғалім нақты материалдарды немесе суреттерін көрсетуіне болады.

Scanned with CamScanner

«Үлкен бе, шағын ба?» – оқулықтағы монументтік және шағын пішінді мүсіндердің суреттері салыстырылады. Оқушы олардың келемі мен көлемділігін анықтайды.

«Белгілі таң» – барельеф, горельеф, контррельеф суреттері мен атаулары араластырылып беріледі. Оқушылар оларды сәйкестендіреді.

«ЖИ-ге мүсінші кеңесі» – ЖИ ермексазбен жұмыс істеуге сәйкес келмейтін тәсілді ұсынады. Оқушы материалдың қасиетін ескеріп, дұрыс тәсілді түсіндіреді.

«Мүсіншінің жоспары» – практикалық жұмыс басталмай тұрып оқушы қажетті құралдарды дайындап, жұмыстың орындалу ретін ауызша айтып шығады.

«Мүсіншінің үш қадамы» – практикалық жұмыс үш бағытпен бағаланады: **1) ермексазды оңдеу техникасы; 2) Бәйтерек құрылымын дұрыс жасау; 3) бөліктерді ұқыпты біріктіріп, композицияны ашу.** Әрқайсысына 1 балдан беріледі.

«Бәйтерек галереясы» – оқушы дайын жұмысын көрсетіп, қандай мүсіндеу тәсілдерін пайдаланғанын және жұмысының нелігін бедерлі мүсін екенін түсіндіреді

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Бейнелеу өнері	
Бөлім:	*«Менің Отаным – Қазақстан»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	08.10.2026ж	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***6-сабақ: «Қазақ елі»***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану.	
Сабақтың мақсаты	• сәндік-қолданбалы өнердің ерекшелігін түсінеді; • отандық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары мен материалдарына мысал келтіреді; • коллаж ұғымын және оны жасау тәсілдерін анықтайды; • табиғи және табиғи емес материалдардың коллажда қолданылуын салыстырады; • «Қазақ елі» тақырыбына сәйкес бейнелерді іріктейді; • қию, орналастыру, қабаттау және жапсыру тәсілдерін қолданып, тақырыптық коллаж жасайды; • материалдар мен құралдарды қауіпсіз әрі ұқыпты пайдаланады.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, ұлттық мәдениетке құрмет, шығармашылық, еңбекқорлық, ұқыптылық және жауапкершілік. Қазақстанның мәдениеті мен көрікті нысандарына құрметпен қарауға, ұлттық өнерді бағалауға және туған ел туралы шығармашылық ойын көркем жұмыс арқылы жеткізуге баулу.	

Сабақ барысы:


Сабақтың кезеңі/уақыт	*Педагогтің әрекеті*	*Оқушының әрекеті*	*Бағалау*	*Ресурстар*
Сабақтың басы (5 мин) **Білу**	**Сабақ басталғанда:** әр оқушыға **«10 балдық шығармашылық қоржын» бағалау парағы** таратылады. **«Шебер қолдар»** әдісі. Қазақтың қолөнер бұйымдарының бірнеше үлгісін көрсетеді. «Сәндік-қолданбалы өнер дегенді қалай түсінесің? Үйіңде қандай ұлттық бұйымдар бар?» деп сұрайды.	**«10 балдық шығармашылық қоржын»** бағалау парағымен танысады. Ұлттық бұйымдарды атайды, тұрмыста қолданылуын түсіндіреді. **Дескриптор:** сәндік-қолданбалы өнерге кемінде екі мысал келтіреді – **1 балл**.	**ҚБ: «ауызша мадақтау».** **Саралау – ресурс және диалог бойынша.**	Ұлттық қолөнер бұйымдарының суреттері:  
Түсіну (6 мин)	Оқулықтағы **коллаж** анықтамасын оқытады. Әртүрлі материалдан, газеттен және матадан жасалған үш коллаж үлгісін	Коллаждарды бақылайды. Қандай материал қолданылғанын анықтайды. **Дескриптор:** коллаж ұғымын	**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».**	Оқулық, 22-бет

Scanned with CamScanner

	көрсетеді.	түсіндіреді – **0,5 балл**; кемінде екі орындау материалын анықтайды – **0,5 балл**. **Барлығы – 1 балл.**		
Сабақтың ортасы **Қолдану** (8 мин)	**«Материалды ажырат».** Табиғи және табиғи емес материалдарға мысалдар береді. Оқулықтағы коллаж үлгілерін салыстырады. «Қай материалдың фактурасы қызықты? Қайсысын қию оңай?» деп сұрайды.	Материалдарды салыстырады. Табиғи/табиғи емес деп топтастырады. **Дескриптор:** материалдарды түріне қарай дұрыс ажыратып, бір қасиетін сипаттайды – **1 балл**.	**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».** **Саралау – тәжірибе және ресурс бойынша.**	. Мата, қағаз, газет, жіп, табиғи материал үлгілері
Талдау (6 мин)	**«ЖИ коллажды шатастырды!»** ЖИ: «Коллаж жасау үшін тек бір ғана материал қолдану керек. Суреттерді бірден желімдейміз, алдын ала орналастырудың қажеті жоқ» дейді.	ЖИ қатесін анықтайды. Коллажда әртүрлі материал қолдануға болатынын және алдымен композицияны орналастырып көру қажеттігін түсіндіреді. **Дескриптор:** коллаж техникасына қатысты екі қатені дұрыс түзетеді – **1 балл**.	**ҚБ: «Басбармақ».**	ChatGPT 
Жасау (Жинақтау) (10 мин)	Оқулықтағы «Қазақ елі» коллажын қаратады. Жұмыстың ретін талдайды: **1. тақырыпқа сай бейнелер жинау; 2. фотосуреттерден бейнелерді қиып алу; 3. оларды ретімен немесе шашыратып орналастырып жапсыру.** «Қазақстанды қандай бейнелер арқылы көрсетуге болады?» деп сұрайды.	Бәйтерек, домбыра, табиғат, қала, сәулет нысандары және т.б. бейнелердің ішінен тақырыпқа сәйкестерін таңдайды. Алдымен желімдемей орналастырып көреді. **Дескриптор:** «Қазақ елі» тақырыбына сәйкес бейнелерді таңдап, композициясын алдын ала жоспарлайды – **1 балл**.	**ҚБ: «Қошеметтеу».** **Саралау – таңдау бойынша:** бейнелер мен орналасу ретін оқушы өзі таңдайды.	Оқулық, 23-бет; суреттер, фотосуреттер
	Практикалық жұмыс «Қазақ елі» коллажы. 1) қатырғықағаз негізін дайындау; **2)** тақырыпқа сай суреттерді таңдау; **3)** қажетті бейнелерді ұқыпты қию; **4)** негізгі және қосымша бейнелерді қағаз бетіне орналастыру; **5)** кейбір элементтерді қабаттастырып, композиция жасау; **6)** композиция ұнағаннан кейін ғана желімдеу; **7)** қажет болса атау немесе қосымша сәндік элемент енгізу. Қайшы және	Бейнелерді таңдайды, қияды. Композицияны бірнеше нұсқада орналастырып көреді. Элементтерді қабаттастырып немесе қатар орналастырады. Желімдеп, жұмысын аяқтайды. **Дескриптор:** материалдар мен құралдарды дұрыс пайдаланып, бейнелерді ұқыпты дайындайды – **1 балл**; қию, орналастыру, қабаттау және жапсыру тәсілдерін үйлесімді қолданады – **1 балл**; «Қазақ елі» тақырыбын ашатын тұтас әрі ұқыпты композиция жасайды –	**ҚБ: «критерийлік бағалау».** **Саралау – тапсырма бойынша:** дайын бейнелерден композиция құрастырудан әртүрлі материалды араластырып қолдануға дейін.	Қатырғықағаз, қайшы, желім, журнал/фотосурет қиындылары, көркем суреттер

Scanned with CamScanner

	желіммен қауіпсіз жұмыс істеуді бақылайды.	**1 балл.** **Барлығы – 3 балл.**		
Бағалау (5 мин)	**«Қазақстан галереясын»** ұйымдастырады. «Қандай бейнелерді таңдадың? Неліктен? Қандай материалдар мен тәсілдерді қолдандың?» деп сұрайды.	Коллажын таныстырады. Таңдаған бейнелерінің Қазақстан тақырыбымен байланысын және қолданған тәсілін түсіндіреді. **Дескриптор:** таңдаған бейнелерінің тақырыппен байланысын түсіндіреді – **1 балл**; қолданған материалдары мен коллаж тәсілдерін дұрыс атайды – **1 балл.** **Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: «Өзін-өзі бағалау».** **Саралау – қарым-қатынас формалары бойынша.**	Дайын жұмыстар
Сабақтың соңы **Кері байланыс** (4 мин)	Балдарды қорытындылайды.	Бағалау парағындағы балдарын қосып, __/10 нәтижесін шығарады.	**ҚБ: «10 балдық шығармашылық қоржын».** Қосымша балл берілмейді.	Бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Үйімдегі ұлттық өнер»** тапсырмасын береді. Үйінен немесе күнделікті ортасынан қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне қатысты **бір бұйымды** тауып, оның неден жасалғанын және қандай сәндік элементтермен безендірілгенін бақылауды тапсырады. Келесі сабақта қысқаша таныстыруға дайындалуды ұсынады.	Қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріне қатысты бір бұйымды бақылайды. Оның **атауын, қандай материалдан жасалғанын және безендірілу ерекшелігін** анықтайды. Келесі сабақта 2–3 сөйлеммен таныстыруға дайындалады.		








Scanned with CamScanner









Сабақтағы 10 балдың бөлінуі

Тапсырма	Балл
«Шебер қолдар»	1
«Коллажды тану»	1
«Материал зерттеушісі»	1
«ЖИ-ге дизайнер кеңесі»	1
«Коллаж жоспары»	1
«Коллаж шеберінің үш қадамы»	3
«Қазақстан галереясы»	2
Барлығы	**10 балл**

Scanned with CamScanner

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Пәні:	Бейнелеу өнері, «Алматыкітап» баспасы	
Бөлім:	*«Табиғат – менің үйім», «Менің Отаным – Қазақстан»*	
Педагогтің аты-жөні	Жүсіп А.Қ.	
Күні:	15.10.2026ж.	
Сынып: 3В	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	***7-сабақ: шығармашылық жұмыс***	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.5.1 күрделі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын пайдалану. Отандық қолөнер түрлері. Әртүрлі материалдер (қағаз, тері, табиғи материал). коллаж жасап үйренесің.	
Сабақтың мақсаты	• қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің таныс түрлері мен сәндік элементтерін еске түсіреді; • қағаз, табиғи және фактуралы материалдардың көркемдік мүмкіндіктерін салыстырады; • коллаж жасауда қию, жырту, қабаттау, орналастыру, біріктіру және жапсыру тәсілдерін қолданады; • Қазақстан табиғаты мен ұлттық сәндік элементтерді бір композициялық идеяға біріктіреді; • шығармашылық жұмысына қажетті материалдар мен орындау тәсілдерін өздігінен таңдайды; • әртүрлі материалдарды үйлестіріп, өзіндік композициялық шешімі бар коллаж жасайды; • дайын жұмысының мазмұны мен қолданған материалдарын түсіндіреді.	
Құндылықтарға баулу	Отансүйгіштік, ұлттық мәдениетке құрмет, табиғатты аялау, шығармашылық, ұқыптылық, жауапкершілік. Қазақстан табиғатының сұлулығын бағалауға, ұлттық қолөнерге құрметпен қарауға, табиғи материалдарды ұқыпты әрі орынды пайдалануға баулу.	

Сабақ барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	***Педагогтің әрекеті***	***Оқушының әрекеті***	***Бағалау***	***Ресурстар***
Сабақтың басы ***Ұйымдастыру*** (2 мин)	Оқушылармен амандасып, шығармашылық жұмысқа қажетті материалдарын тексереді. Қайшы, желім және табиғи материалдармен қауіпсіз жұмыс ережелерін қысқаша еске түсіреді.	Жұмыс орнын дайындайды. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді.	**ҚБ: ауызша мадақтау.** Мұғалім дұрыс аталған қауіпсіздік ережелерін қолдау сөздерімен бекітеді. **Саралау – ресурс бойынша:** қауіпсіздік белгілері визуалды тірек ретінде ұсынылады.	Қауіпсіздік белгілері, материалдар
Үй тапсырмасын тексеру (5 мин)	**«Үйімдегі ұлттық өнер»** тапсырмасын тексереді. 2–3 оқушыдан зерттеген бұйымының **атауын,**	Зерттеген ұлттық бұйымын таныстырады. Оның материалын және сәндік ерекшелігін анықтайды. Жұбымен бақылау	**ҚБ: өзара бағалау.** Жұптар бір-бірінің таныстыруын тыңдап, дұрыс анықталған бір ерекшелігін атап өтеді.	Үй тапсырмасы

Scanned with CamScanner

	материалын және қандай сәндік элементтермен безендірілгенін айтуды сұрайды. Қалғандары жұпта бөліседі. «Ұлттық бұйымның әдемілігін материал ғана анықтай ма, әлде безендірілуі де маңызды ма?» деген сұрақ арқылы жаңа жұмысқа өтеді.	нәтижесін бөліседі.	**Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушыға «Неден жасалған? Қалай безендірілген?» деген тірек сұрақтар беріледі.	
Сабақтың ортасы **Білу** (3 мин)	**«Ұлттық өнерді таны»** тапсырмасын өткізеді. Қазақ қолөнерінің таныс бұйымдарының бейнелерін көрсетіп, олардан ортақ сәндік ерекшеліктерді табуды сұрайды. Ою-өрнек, түс, пішін және табиғи материал ұғымдарын еске түсіреді.	Ұлттық қолөнер бұйымдарын таниды. Оларда кездесетін сәндік элементтер мен материалдарды атайды. **Дескриптор:** отандық қолөнерге тән материал немесе сәндік элементтерді дұрыс анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: «Басбармақ».** Оқушылар жауаптың дұрыстығына 👍/👎 белгісін көрсетеді, мұғалім қажет жерде нақтылайды. **Саралау – ресурс бойынша:** қолөнер бұйымдарының суреттері визуалды тірек болады.	Ұлттық қолөнер бұйымдарының суреттері
Түсіну (4 мин)	**«Материалдың мінезі»** тапсырмасында қағаз, құрғақ жапырақ/ұсақ бұтақ, мата немесе қауіпсіз фактуралы материал үлгілерін көрсетеді. «Қайсысы фонға, қайсысы көлем немесе фактура беруге ыңғайлы?» деп сұрайды. Коллажда әртүрлі материалдың қасиетін көркемдік мақсатта пайдалануға болатынын түсіндіреді.	Материалдарды ұстап көріп, фактурасы, қаттылығы, иілгіштігі бойынша салыстырады. Коллажда қалай қолдануға болатынын түсіндіреді. **Дескриптор:** әртүрлі материалдардың көркемдік мүмкіндігін анықтайды – **1 балл.**	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім материал қасиеті мен қолданылуының байланысын нақтылайды. **Саралау – диалог негізінде:** қажет оқушыға таңдау сұрақтары, дайын оқушыға өз шешімін негіздейтін сұрақ беріледі.	Қағаз, табиғи және фактуралы материалдар
Қолдану (4 мин)	**«Үш материал – бір бөлшек»** шағын тәжірибесін ұйымдастырады. Қазақстан табиғатына тән қарапайым бір бейнені – тау, гүл, күн, ағаш т.б. – қию, жырту, қабаттау немесе табиғи материал қосу арқылы жасап көруді ұсынады.	Бір табиғи бейнені әртүрлі материалдар мен тәсілдерді үйлестіріп құрастырады. **Дескриптор:** коллаж жасаудың кемінде екі тәсілін қолданады – **1 балл**; әртүрлі материалдарды бір бейнеде үйлестіреді – **1 балл. Барлығы – 2 балл.**	**ҚБ: дескриптор бойынша ауызша кері байланыс.** Мұғалім материалдардың сәтті үйлесуін атап, қажет жағдайда бір ұсыныс береді. **Саралау – тапсырма бойынша:** қолдауды қажет ететін оқушы екі материалды, дайын оқушы үш немесе одан	Қағаз, табиғи материалдар, желім, қайшы

Scanned with CamScanner

			көп материалды үйлестіреді.	
Талдау (4 мин)	Екі шартты коллаж үлгісін көрсетеді: бірінде табиғат бейнесі мен ұлттық элемент үйлесімді орналасқан, екіншісінде ою-өрнек негізгі бейнені жауып қалған. **«Қай композиция сәттірек? Неліктен? Екінші жұмысты қалай өзгертер едің?»** деп сұрайды.	Композицияларды салыстырады. Негізгі бейне мен сәндік элементтің орналасуын талдап, жұмысты жақсартудың бір жолын ұсынады. **Дескриптор:** композициядағы сәтті немесе жетілдіретін тұсты анықтап, шешім ұсынады – **1 балл.**	**ҚБ: жұптық тексеру.** Оқушылар пікірлерін жұбымен салыстырып, тиімді шешімді анықтайды. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** бір оқушы мәселені атайды, дайын оқушы оның композицияға әсерін түсіндіреді.	Коллаж үлгілері
Бағалау (3 мин)	**«Менің коллаж идеям»** тапсырмасын береді. «Қазақстан табиғатынан нені бейнелейсің? Қандай материал қолданасың? Қандай ұлттық элемент енгізесің? Негізгі бейне қай жерде орналасады?» деген сұрақтар арқылы шағын эскиз жасатады.	Болашақ коллажының тақырыбын, материалдарын, ұлттық сәндік элементін және композициясын таңдайды. Шағын эскиз жасайды. **Дескриптор:** материал, ұлттық элемент және композициялық шешімді таңдап, шығармашылық идеясын түсіндіреді – **2 балл.**	**ҚБ: ауызша кері байланыс.** Мұғалім идеяның тақырып пен материалға сәйкестігіне қысқа пікір береді. **Саралау – дербестік пен жауапкершілік бойынша:** оқушы табиғат нысанын, материалын және сәндік шешімін өзі таңдайды.	Эскиз парағы, қарындаш
Жасау (14 мин)	**«Қазақстан табиғаты – ұлттық өрнекте»** шығармашылық жұмысын ұйымдастырады. Дайын үлгіні көшіртпейді. Жұмыс ретін бағыттайды: **негізгі композицияны орналастыру → ірі пішіндерді жасау → материалдарды қабаттау/біріктіру → табиғи материалдарды қосу → ұлттық сәндік элементті үйлестіру → ұсақ бөлшектермен толықтыру → тұтас композицияны тексеру.**	Эскизіне сүйеніп, әртүрлі материалдарды таңдайды. Қию, жырту, қабаттау, орналастыру және жапсыру тәсілдерін үйлестіріп, Қазақстан табиғаты мен ұлттық элементті байланыстыратын авторлық коллаж жасайды. **Дескриптор:** әртүрлі материалдарды үйлесімді қолданады – **1 балл;** коллаждың күрделенген тәсілдерін қолданады – **1 балл;** ұлттық сәндік элементті композицияға орынды енгізеді – **1 балл;** өзіндік шешімі бар тұтас шығармашылық жұмыс жасайды – **2 балл.** **Барлығы – 5 балл.**	**ҚБ: дескриптор бойынша мұғалімнің кері байланысы.** Мұғалім жұмыстың бір сәтті көркемдік шешімін атап, қажет жағдайда бір нақты жетілдіру ұсынысын береді. **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы табиғат нысанын, материалдарды, түсті және ұлттық сәндік элементті өзі таңдайды; қажет оқушыға қарапайым композициялық схема ұсынылады.	Қатырғық ағаз, түрлі түсті қағаз, табиғи материалдар, қауіпсіз фактуралы материалдар, желім, қайшы

Scanned with CamScanner

Сабақтың соңы ***Кері байланыс, қорытынды*** (4 мин)	**«Коллажымның үш сыры»** рефлексиясын өткізеді: **«Мен ... материалдарын қолдандым», «Ұлттық элемент ретінде ... таңдадым», «Жұмысымның ерекше тұсы...»** сөйлемдерінің бірін толықтыруды ұсынады. Жинаған балдарын есептетіп, **__/10** нәтижесін шығарады.	Шығармашылық жұмысын қысқаша таныстырады. Материал таңдауы мен ұлттық сәндік шешімін түсіндіреді. Жинаған балдарын есептейді.	**ҚБ: өзін-өзі бағалау.** Оқушы дескрипторлар мен жинаған балдарына сүйеніп, жұмыс нәтижесін анықтайды. **Саралау – нәтиже немесе жауап бойынша:** ойын қысқа немесе толық түсіндіріп жеткізеді.	Дайын жұмыстар, бағалау парағы
Үйге тапсырма (1 мин)	**«Табиғаттағы ою»** тапсырмасын береді. Қоршаған ортадан қазақ ою-өрнегінің пішініне ұқсайтын **бір табиғи нысанды** (жапырақ, гүл, мүйіз тәрізді пішін, бұтақ иілімі т.б.) бақылап, оның қандай ою элементін еске түсіретінін ойластыруды тапсырады.	Бір табиғи нысанды бақылайды. Оның пішінін зерттеп, қандай ұлттық сәндік элементке ұқсайтынын анықтауға тырысады. Келесі сабақта қысқаша таныстыруға дайындалады.	**ҚБ жүргізілмейді.** **Саралау – таңдау бойынша:** оқушы бақылайтын табиғи нысанды өзі таңдайды.	Қоршаған орта

12 балдың бөлінуі

№	Блум кезеңі	Тапсырма атаулары	балл
1	Білу	«Ұлттық өнерді таны»	1
2	Түсіну	«Материалдың мінезі»	1
3	Қолдану	«Үш материал – бір бөлшек»	2
4	Талдау	Коллаж	1
5	Бағалау	«Менің коллаж идеям»	2
6	Жасау	«Қазақстан табиғаты – ұлттық өрнекте»	5
	Барлығы		12

Scanned with CamScanner